

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/welcome



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	2
	Қауіпсіздік	2
2	Сіздің радиосағатыңыз	3
	Кіріспе	3
	Қораптың құрамы	3
	Негізгі құрылғыны шолу	4
3	Жұмысты бастау	6
	Батареяны салу	6
	Қуатты қосу	6
	Қосу және орнату	6
	Уақыт белдеуін таңдау	6
	Сағатты орнату	7
	DST (жазғы уақыт) режимін таңдау	7
4	Оятқыш таймерін орнату	8
	Оятқыш уақытын орнату	8
	Оятқыш дыбысын таңдау	8
	Оятқыш таймерін іске қосу/ажырату	8
	Оятқыш қоңырауды кейінге қалдыру	9
5	Радио тыңдау	10
	Радиостанцияларды реттеу	10
	Дыбыс деңгейін реттеу	10
6	Басқа мүмкіндіктер	11
	Ұйқы таймерін орнату	11
	Қонақ үй режимін таңдау	11
	Дисплей жарықтығын реттеу	11
7	Өнім туралы ақпарат	12
	Ерекшеліктер	12
8	Ақаулықтарды жою	13
9	Ескерту	14

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

- Осы нұсқауларды оқыңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Бұл радио-сағатты судың жанында пайдаланбаңыз.
- Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Әсіресе қуат сымының ашаларын, электр розеткаларын және олардың радиосағаттан шығатын жерлерін басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, осы радиосағатты ток көзінен ажыратыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Радиосағаттың қуат сымы немесе ашасы бүлінген болса, оған су тиіп немесе үстіне зат құлаған болса, оған жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және басқаша бүлінген болса, оны жөндеу қажет.

- Осы радиосағаттың үстіне су тамшылауына немесе шашырауына жол беруге болмайды.
- Радиосағаттың үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық құйылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.

Батареяларды жұтып қою қауіпі бар

- Өнімде немесе қашықтан басқару құралында жұтылып кетуі мүмкін түйме тәрізді батарея болады. Барлық жағдайда батареяны балалардан аулақ ұстаңыз! Жұтылған жағдайда батарея ауыр жарақатқа немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Жұтылғаннан кейін екі сағат ішінде ішкі мүшелердің күйіп қалу қауіпі бар.
- Батареяны жұтып қойды немесе денесінің басқа жеріне кіріп кетті деп күдіктенсеңіз, дереу дәрігерге қаралыңыз.
- Батареяны ауыстыру кезінде, барлық жаңа және ескі батареяларды балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Батареяны ауыстырғаннан кейін, батарея бөлімінің жақсылап жабылғанын тексеріңіз.
- Егер батарея бөлімін жақсылап жабу мүмкін болмаса, өнімді қолданбаңыз. Балалардың қолы жетпейтін жерге қойып, өндірушіге хабарласыңыз.

2 Сіздің радиосағатыңыз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеніз.

Кіріспе

Осы құрылғымен мына әрекеттерді орындауға болады:

- FM/MW радиосын тыңдау;
- уақытты білу;
- екі оятқышты орнату; және
- дыбыстық сигналмен немесе FM/MW радиосымен ояну.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.


- Негізгі құрылғы (батареясымен)
- Пайдаланушы нұсқаулығы

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі радиосағаттың астыңғы жағында орналасқан. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____

Негізгі құрылғыны шолу



① FM/MW жиілік индикаторы

- FM/MW жиілігін көрсету.

② HR/MIN

- Сағатты/минутты реттеу.

③ SNOOZE/BRIGHTNESS

- Оятқышты кейінге қалдыру.
- Дисплей жарықтығын реттеу.


④ Дисплейлі панель

- Ағымдағы күйді көрсету.

- ⑤ **AL1/AL2**
 - Оятқышты қосу/өшіру.
 - Оятқыш параметрлерін көру.
- ⑥ **RADIO**
 - Радионы қосыңыз не өшіріңіз.
- ⑦ **FM/MW**
 - FM/MW тюнерін таңдау.
- ⑧ **SLEEP**
 - Ұйқы таймерін орнату.
- ⑨ **CLOCK/SET AL1/SET AL2/SET TIME**
 - Уақытты/оятқышты орнату.
 - Уақытты көру.
- ⑩ **+ TUNING -**
 - FM радио стансаларын баптаңыз.
- ⑪ **AL1/AL2 RADIO BUZZ**
 - 1-оятқыш және 2-оятқыш үшін оятқыш көзін таңдау.
- ⑫ **TIME ZONE**
 - Уақыт белдеуін таңдау.
- ⑬ **12/24H DST**
 - 12/24 сағаттық пішімді таңдау.
 - Жазғы уақыт (DST) опциясын таңдау.
- ⑭ **VOL**
 - Дыбыс деңгейін реттеңіз.

3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.



Батареяны салу



Абайлаңыз


- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Батареяда химиялық заттар бар, сондықтан оларды дұрыс тастау керек.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса, жарылу қаупі бар. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.
- Балаларды батареядан аулақ ұстаңыз.



Ескертпе

- Қуат көзі ретінде тек айнымалы ток қуатын пайдалануға болады.
- Қуат ажыратылған кезде дисплейдің артқы жарығы өшеді.
- Алдын ала орнатылған литий CR2032 батареясымен сағат параметрлерінің сақтық көшірмесін жасауға болады.

 көрсетілгенде батареяны көрсетілгендей ауыстырыңыз.




Қуатты қосу



Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат кернеуі радиосағаттың артқы немесе түп жағында басылған кернеуге сәйкес келетінін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток адаптерін ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.



Қосу және орнату

Радиосағатта «қосу және орнату» мүмкіндігі бар. Қуат қосылғанда сағат автоматты түрде орнатылады.

Уақыт белдеуін таңдау

Радиосағаттың уақыты жергілікті уақытқа сәйкес екенін тексеріңіз. Олай болмаса, уақыт белдеуінің параметрлерін орынға сай реттеңіз.

1 Күту режимінде **TIME ZONE** түймесін басыңыз.

↳ Дисплей панелінде ағымдағы уақыт белдеуінің нөмірі жыпылықтайды.

2 Уақыт белдеуін таңдау үшін **TIME ZONE** түймесін қайта-қайта басыңыз (-1 және +12 арасындағы күйге реттеуге болады).

Еуропа үшін:

Батыс еуропалық уақыт (WET)	+0
Орталық еуропалық уақыт (CET)	+1 (әдепкі)
Шығыс еуропалық уақыт (EET)	+2
Мәскеу стандартты уақыты (MST)	+3



Кеңес

- Сағат параметрі режимінде **HR/MIN** түймесін бір секунд басып тұрыңыз, сағат/минут сандары үздіксіз өседі немесе кішірейеді.

DST (жазғы уақыт) режимін таңдау

Жазғы уақыт (DST) бар елдер үшін радиосағат жазғы уақытты реттеу үшін DST опциясын ұсынады.

Күту режимінде **12/24H DST** түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз.

↳ Сағат бір сағат алға жылжиды және **[DST]** көрсетіледі.




Кеңес

- DST режимінен шығу үшін жоғарыдағы әрекетті қайталаңыз.
- 12/24 сағаттық пішімді таңдау үшін **12/24H DST** түймесін қайта-қайта басыңыз.

Сағатты орнату


Күту режимінде сағатты қолмен орнатуға болады.



4 Оятқыш таймерін орнату

Оятқыш уақытын орнату

Күту режимінде екі оятқышты әр түрлі уақытта сигнал шығаратын орнатуға болады.



Ескертпе

- Оятқыш параметрі режимінде **HR/MIN** түймесін бір секунд басып тұрыңыз, сағат/минут сандары үздіксіз өседі немесе кішірейеді.

Оятқыш дыбысын таңдау

Оятқыш дыбысы ретінде соңғы естіген арнаны немесе дыбыстық сигналды таңдау үшін, **AL1/AL2 RADIO BUZZ** түймесін солға немесе оңға ауыстырыңыз.



Кеңес

- Жайлап ояту функциясы барлық оятқыш көздеріне арналған.

Оятқыш таймерін іске қосу/ажырату

- Оятқыш параметрлерін көру үшін, **AL1/AL2** түймесін басыңыз.
- Оятқыш таймерін іске қосу немесе ажырату үшін, **AL1/AL2** түймесін қайтадан басыңыз.
 - ➔ **1** немесе **2** оятқыш таймері қосып тұрса, көрсетіледі және өшіп тұрса, көрінбей қалады.
 - Оятқышты тоқтату үшін, сәйкес **AL1/AL2** түймесін басыңыз.
 - Қонақ үй режимінен басқа кезде оятқыш келесі күні де шырылдайды.



Ескертпе

- Оятқыш қоңырауы шыққанда **VOL** бұру арқылы дыбыс деңгейін реттеу мүмкін емес.

Оятқыш қоңырауды кейінге қалдыру

Оятқыш дыбысы шыққанда, **SNOOZE** түймесін басыңыз.

↳ Оятқыш кейінге қалдырылып, бес минуттан кейін қайтадан шырылдайды.

Оятқыш аралығын (минуттар түрінде) реттеу үшін **SNOOZE** түймесін қайта-қайта басыңыз.

5 → 10 → 15 → 20 → 25 → 30




5 Радио тыңдау

Радиостанцияларды реттеу




Кеңес

- Антеннаны теледидардан, бейнемагнитофоннан немесе басқа радиация көзінен мүмкіндігінше алыс қойыңыз.
- Жақсырақ қабылдау үшін, антеннаны толық шығарып, орнын дұрыстаңыз.



Дыбыс деңгейін реттеу



6 Басқа мүмкіндіктер

Ұйқы таймерін орнату

Осы радиосағат алдын ала орнатылған кезеңнен кейін күту режиміне автоматты түрде ауыса алады.

1 Ұйқы таймерінің кезеңін (минут түрінде) таңдау үшін, **SLEEP** түймесін қайта-қайта басыңыз.

↳ Ұйқы таймері іске қосылғанда, **zZ** көрсетіледі.

Ұйқы таймерін ажырату үшін:

1 **[OFF]** (ажырату) пайда болғанша **SLEEP** түймесін қайта басыңыз.

15 → 30 → 60 → 90 → 120
↑ — OFF —

Дисплей жарықтығын реттеу

Әр түрлі жарықтық деңгейлерін таңдау үшін, **BRIGHTNESS** түймесін қайта-қайта басыңыз: жоғары, орташа және төмен.

High → Mid → Low
↑ — — —

Қонақ үй режимін таңдау

Қонақ үй режимінде оятқыш тек алдын ала орнатылған уақытта тек бір рет іске қосылады және келесі күні қайталанбайды.

SLEEP түймесін төмен басып, **AL2** түймесімен бірге бес секунд басып тұрыңыз.

↳ **[ON]** көрінеді.



Ескертпе

- Қалыпты режимге оралу үшін, жоғарыдағы әрекетті қайталаңыз. **[OFF]** көрінеді.

7 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш	
Номиналды шығыс қуаты	0,6 Вт RMS

Теңшегіш	
Реттеу ауқымы	FM: 87,5 - 108 МГц MW: 520-1620 кГц
Сезімталдық - Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	FM: <22 дБ MW: <92 дБВ/М
Іздеуді таңдау мүмкіндігі	FM: <28 дБ MW: <98 дБВ/М
Гармоникалық мазмұн	FM: <3% MW: <5%
Сигнал-шу арақатынасы	FM: >45 дБ MW: >40 дБ

Жалпы ақпарат	
Айнымалы ток қуаты	220-240 В~, 50/60 Гц;
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	< 3 Вт
Күту режимінде қуат тұтынуы	< 1 Вт
Мөлшері - Негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	179,5 x 87 x 76 мм
Салмағы - Қорабымен	0,7 кг
- Негізгі құрылғы	0,5 кг

8 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының айнымалы ток қуат штепселінің дұрыс қосылуын қамтамасыз етіңіз.
- АТ розеткасында қуат болуын қамтамасыз етіңіз.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- Айнымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе бейнемагнитофон арасындағы қашықтықты көбейтіңіз.
- FM антеннасын түгелдей созыңыз.

Оятқыш жұмыс істемейді

- Сағатты/оятқышты дұрыстап орнатыңыз.

Сағат/оятқыш параметрі өшіріліп кеткен

- Қуат үзілген немесе қуат ашасы ажыратылған.
- Сағатты/оятқышты бастапқы қалпына келтіріңіз.

9 Ескерту



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай. WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

2013 © WOOX Innovations Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. WOOX кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.



Specifications are subject to change without notice.

2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.

This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

